 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>1-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ</b>	

10.09.2020ж. №201-ПР Бұйрыққа 1А қосымша

## **БАНК КЛИЕНТІ – ЗАҢДЫ ТҰЛҒА ҮШІН**

### **ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

Құрметті клиент,

Қазақстан Республикасының Премьер –министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі 2019 жылғы 27 желтоқсанда № 1429 Бұйрыққа қол қойғанын, осыған сәйкес «Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодиандардың, орталық депозитарийлердің, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлердің және (немесе) дилерлердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді ұсыну қағидалары мен мерзімдері» (бұдан әрі - Ереже) қолданысқа енгізілгенін, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған, Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияға (бұдан әрі - Конвенция), 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 24-бабының 2) тармақшасына және 27-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленгенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша Банк) Клиенттің салықтық резиденттік мәртебесін растаушы өзін-өзі сертификаттау Нысанын әзірледі.


Нысанды толтыру үшін Сізден төмендегі келтірілген нұсқаулықтармен танысып алуыңызды өтінеміз.

#### **Сіз неге осы нысанды толтыруыңыз керек?**

Елдердің үкіметінің салықтық жүйелерін қорғау үшін бүкіл әлемде қаржы ұйымдарының салықтық ақпаратты жинау және ашу туралы жаңа талап қолданысқа енгізілуде. Аталған талап «Салықтық ақпаратпен алмасу бойынша бірыңғай стандарт» (Common Reporting Standard, немесе CRS) ретінде белгілі.

CRS мақсаты үшін Банк Сіздің Қаржы шоттары туралы ақпаратпен құзырлы органдардың автоматты түрде алмасуы туралы көпжақты келісімге қол қойған есеп беруші юрисдикциялардың/елдердің біреуінің «салық резиденті» болып табылатыныңызды анықтауы тиіс.

Аталған нысанды Банк Сіздің салықтық резиденттік туралы дәл және нақты ақпарат алуы үшін толтыру қажет. Осы нысанда көрсетілген ақпарат нәтижесінде дәл емес болатын, кез келген өзгерістер боған жағдайда, Банктің кез келген бөлімшесіне/Филиалына хабарласу арқылы Банкке хабар беруге кеңес береміз, ол жерде Сізге Өзін-өзі сертификаттаудың тиісті Нысанын қайтадан толтыру қажет болады.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>2-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ</b>	

**Салық резидентінің мәртебесін растау нысанын (заңды тұлғалар үшін) кім толтыруы тиіс?**

Заңды тұлға мәртебесі бар Банктің барлық Клиенттері.

Егер Сіз заңды тұлғаның бақылаушы тұлғасы болсаңыз, Сіз «Салықтық резиденттік мәртебесін растау- Өзін-өзі сертификаттау Нысанын (бақылаушы тұлғалар үшін)» (CRS-CP) толтыруыңыз қажет.

Шотты ортақ иеленген жағдайда және шоттың бірнеше иеленушісі болған кезде, шоттың әрбір иеленушісі бойынша жеке нысан толтыру қажет.

Тіпті Сіз (FATCA) мақсаты үшін ақпаратты АҚШ Үкіметіне хабарлап қойсаңыз да, Сіз сондай-ақ CRS мақсаты үшін қосымша ақпаратты да хабарлауға тиістісіз, себебі бұл екі түрлі нормативтік актінің талаптары.

Сіздің құқықтық мәртебеңізге сәйкес өкілеттікті 4-Бөлімдегі Сіздің қолтаңбаңызбен қатар көрсетуіңізді өтінеміз. Сондай-ақ Сіздің өкілеттігіңіз бен қол қою құқығыңызды анықтайтын құжаттардың көшірмелерін қоса тіркеуді/ұсынуыңызды өтінеміз.

**Қосымша ақпаратты қайдан алуға болады?**

Егер Сіздің осы нысанға немесе нұсқаулықтарға қатысты сұрақтарыңыз болса, Банктің кез келген Бөлімшесіндегі/Филиалдағы Банк Менеджеріне хабарласыңыз.

Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымы (ЭЫДҰ) CRS қатысушы -елдер үшін міндетті Ереже әзірледі, ол ЭЫДҰ-дың ақпаратпен автоматты түрде алмасуға арналған сайтында орналастырылған: [www.oecd.org/tax/automatic-exchange/](http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/), <http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/common-reporting-standard/>

Егер Сіздің салық резидентінің мәртебесін анықтау тәртібіне қатысты сұрақтарыңыз болса, ЭЫДҰ интернет-сайтына кіруіңізді немесе кәсіби салық кеңесшісіне хабарласуыңызды өтінеміз, себебі Банк салық салу саласы бойынша консультация беруге құқылы емес.

**1-ҚОСЫМША. ТЕРМИНДЕР АНЫҚТАМАСЫ**

**Ескертпе:**


Сізге Нысанды толтыруға көмек болуы үшін Өзін-өзі сертификаттау Нысанының мәтіні бойынша пайдаланылатын кейбір терминдердің анықтамаларымен танысуға кеңес береміз.

Түсініктер мен терминдер ЭЫДҰ құжаттарына сәйкес келтірілген <http://www.oecd.org/tax/automatic-exchange/international-framework-for-the-crs/multilateral-competent-authority-agreement.pdf>


Барынша толық ақпаратты Сіз ЭЫДҰ -ның «Салықтық ақпаратпен алмасу бойынша бірыңғай стандарттан» алуыңызға болады (OECD Common Reporting Standard немесе CRS), мұндай ақпаратты келесі сілтемедеден алуыңызға болады <http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm>.

**Термин**

**CRS 101**

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>3-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ</b>	

Есеп беруші юрисдикцияның тұлғалары болып табылатын бір немесе бірнеше бақылаушы тұлғаларымен пассивті қаржылық емес ұйым.
<b>CRS 102</b>
Келісім мақсатында Есеп беруші тұлға.
<b>CRS 103</b>
Келісім мақсатында Есеп беруші тұлға болып табылатын пассивті қаржылық емес ұйым.
<b>Активті қаржылық емес ұйым – Активті NFE (Non Financial Entity)</b>
<p>Қаржылық емес ұйым, егер төменде көрсетілген өлшемшарттардың (критерийлердің) кез келгеніне сәйкес келсе, Активті NFE болып табылады.</p> <p><u>Критерий келесілерге:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кірістері мен активтерінің мөлшері есебінен активті NFE болып табылатын компанияларға;</li> <li>- жария саудаланатын (бағалы қағаздар нарығында) NFE;</li> <li>- Үкіметтік ұйымдарға, халықаралық ұйымдарға, Орталық банктерге немесе олардың жүз пайыз еншілес Компанияларына;</li> <li>- қаржылық емес топтың мүшелері болып табылатын холдингтік NFE компанияларға;</li> <li>- жақында құрылған NFE – старт ап (операциялық қызметтің қысқаша тарихымен компания);</li> <li>- таратылу немесе банкроттық рәсімін аяқтау процесінде тұрған NFE;</li> <li>- қаржылық емес топтардың мүшелері болып табылатын қазынашылық орталықтарға; сондай-ақ коммерциялық емес NFE компанияларға қатысты.</li> </ul> <p><b>Компания, егер ол келесі критерийлердің кез келгеніне сәйкес келсе, Активті NFE ретінде жіктеледі:</b></p> <p>a) алдыңғы күнтізбелік жылдағы немесе басқа тиісті есепті кезеңдегі NFE жалпы кірісінің 50% - дан кемі пассивті кіріс болып табылады, бұл ретте алдыңғы күнтізбелік жылдағы немесе басқа тиісті есепті кезеңдегі NFE -ге тиесілі активтердің 50% -дан кемі пассивті кіріс жасайтын немесе пассивті кіріс алу үшін ұсталатын активтер болып табылады;</p> <p>b) NFE акциялары бағалы қағаздар нарығында жүйелі түрде сатылады, немесе NFE акциялары бағалы қағаздар нарығында жүйелі түрде сатылатын Компанияның Байланысты компаниясы болып табылады;</p> <p>c) NFE Үкіметтік ұйым, Халықаралық ұйым, Орталық банк немесе бір немесе бірнеше осындай ұйымдардың жүз пайыз еншілес Компаниясы болып табылады;</p> <p>d) іс жүзінде NFE -ның барлық қызметі бір немесе бірнеше еншілес компаниялардың шығарылған және айналыстағы акцияларын толық немесе ішінара иеленуден немесе операциялары мен қызметі Қаржы мекемесінің қызметі болып табылмайтын осындай компанияларға қаржыландыру мен қызметтер көрсетуден тұрады; бұл ретте Компания, егер ол инвестициялық қор ретінде, мысалы, жеке пай қоры, венчурлік қор, кредиттер есебінен сатып алу жөніндегі қор немесе кейіннен инвестициялық мақсаттар үшін негізгі активтер ретінде осы компаниялардағы үлестерді иелене отырып, компанияларды сатып алуға немесе қаржыландыруға бағытталған инвестициялық стратегиясы бар кез келген инвестициялық компания (өзін көрсетсе) жұмыс істесе, Активті NFE сияқты жіктелмейді;</p> <p>e) NFE бизнес жүргізбейді және алдыңғы қызмет тарихы жоқ ( «жақында құрылған NFE»), бірақ ол Қаржы мекемесінің бизнесінен басқа бизнестің жаңа бағытымен айналысу ниетімен капиталды активтерге инвестициялайды; бұл ретте осы ерекшелік NFE құрылған күннен кейін 24 ай өткен соң NFE -ге қолданылмайды;</p> <p>f) NFE соңғы бес жыл ішінде Қаржы мекемесі болған жоқ, өзінің активтерін тарату немесе өз қызметін қаржылық емес ұйым ретінде жалғастыру немесе жаңарту ниетімен қайта құру процесінде тұр;</p>

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>4-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ</b>	

g) NFE негізінен қаржы операцияларын және Байланысты компаниялармен немесе Қаржы мекемелері болып табылмайтын Байланысты компаниялар үшін хеджирлеу операцияларын жүргізумен айналысады, және Байланысты компания болып табылмайтын қандай да бір Компанияны қаржыландыру немесе хеджирлеу қызметімен айналысады; бұл ретте, құрамына осындай байланысты компаниялар кіретін топ негізінен Қаржы мекемесінің қызметінен басқа қызметті жүргізеді;

немесе

h) NFE келесі критерийлердің бәріне бір мезгілде жауап береді («коммерциялық емес NFE» болып табылады):

- 1) бұл ұйым резиденттік елінде құрылған және өз қызметін тек діни, қайырымдылық, ғылыми, көркемдік, мәдени немесе білім беру мақсаттарында жүргізеді; немесе бұл ұйым резиденттік елінде құрылған және өз қызметін жүргізеді және бұл ретте кәсіби ұйым, кәсіпкерлер одағы, сауда палатасы, еңбек ұйымы, ауылшаруашылық немесе бағбандық ұйым, азаматтық лига немесе қызметінің жалғыз мақсаты әлеуметтік қорғау болып табылатын ұйым болып табылады;
- 2) бұл ұйым өз резиденттік елінде табыс салығын төлеуден босатылады;
- 3) бұл ұйымның акционерлері немесе оның табыстары немесе активтеріне қатысты мүліктік немесе бенефициарлық құқығы бар мүшелері жоқ;
- 4) ұйымның резиденттік елінің қолданыстағы заңнамасы және ұйымның құрылтайшы құжаттары ұйымның қандай да бір табыстарын немесе активтерін бөлуге немесе оларды ұйымның қайырымдылық қызметінің шеңберінен шығатын кез келген мақсаттар үшін, көрсетілген қызметтер үшін ақылға қонымды өтемақы төлеуден немесе ұйым сатып алған мүліктің әділ нарықтық құнын төлеуден басқа, жеке тұлғаның немесе қайырымдылық емес ұйымдардың пайдасына пайдалануға рұқсат етпейді;

сондай-ақ

5) ұйымның резиденттік елінің қолданыстағы заңнамасы немесе ұйымның құрылтайшы құжаттары ұйым таратылғаннан кейін немесе оның қызметі тоқтатылғаннан кейін оның барлық активтері Үкіметтік ұйымның немесе басқа коммерциялық емес ұйымның немесе ұйымның резиденттік юрисдикциясының үкіметінің немесе оның кез келген әкімшілік-аумақтық бірлігінің пайдасына берілуін талап етеді.


**Ескерту:** Кейбір компаниялар FATCA мақсаты үшін Активті NFE болып табылады, бірақ бұл ретте CRS мақсаты үшін Активті NFE болып табылмауы мүмкін.

#### **«Шот иеленушісі»**


Шот иеленушісі-осы шот ашылған Қаржы мекемесі Қаржы шотының иеленушісі ретінде көрсеткен немесе белгілеген тұлға. Мысалы, егер сенімгерлік қор немесе мұрагерлік қор Қаржылық шоттың иеленушісі немесе меншіктенуші ретінде көрсетілсе, Шоттың иеленушісі болып қамқоршысы, иелері немесе сенімгерлік қордың бенефициарлары емес, осындай сенімгерлік қор немесе мұрагерлік қор есептеледі. Сол сияқты, егер серіктестік Қаржы шотының иеленушісі немесе меншік иесі ретінде көрсетілсе, серіктестіктің қатысушылары емес, осындай серіктестік Шоттың иеленушісі болып табылады. Агент, сенімді басқарушы, сенім білдірілген тұлға, қол қоюшы, инвестициялық консультант немесе делдал ретіндегі басқа тұлғаның атынан немесе есебінен Қаржы шотын иеленуші (Қаржы мекемесі болып табылмайтын) тұлға, Шот иеленуші болып саналмайды, оның орнына Шот иеленуші болып осындай басқа тұлға есептеледі.

#### **«Депозитарлық мекеме»**


Өз бизнесінің елеулі бөлігі ретінде басқа тұлғалардың есебінен қаржы активтерін иеленуді жүзеге асыратын кез келген Компанияны білдіреді, яғни мұндай Тұлғаның Қаржы активтерін иеленуден және осындай иеленумен байланысты қаржы қызметтерін көрсетуден түскен жалпы кірісі мынадай

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>5-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ</b>	

<p>кезеңдердің ең азы үшін осындай Тұлғаның жиынтық жалпы табысының кемінде 20% - ын құрайды:</p> <p>1) есеп айырысу жүзеге асырылатын алдыңғы жылдың 31 желтоқсанда аяқталатын (немесе күнтізбелік жылмен сәйкес келмейтін есептік кезеңнің соңғы күні) үшжылдық кезең; немесе</p> <p>2) осындай Компанияның өмір сүру (қызмет ету) кезеңінде.</p>
<p><b>«Депозиттік мекеме»</b></p> <p>кәдімгі банктік немесе осыған ұқсас қызмет барысында депозиттерді қабылдайтын кез келген Компанияны білдіреді.</p>
<p><b>«Инвестициялық компания»</b></p> <p>екі типті Компаниялардың біреуін білдіреді:</p> <p>1) Негізгі бизнес ретінде клиенттің атынан немесе мүддесінде бұдан әрі аталған қызмет түрлерінің немесе операциялар түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асыратын Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ақша нарығының құралдарымен (чектер, вексельдер, депозиттік сертификаттар, туынды қаржы құралдары және т. б.), шетел валютасымен, валюталық, пайыздық және индекстік құралдармен, айналыстағы бағалы қағаздармен немесе тауарлық фьючерстермен сауда жасау;</li> <li>- бағалы қағаздар портфелін жеке және ұжымдық басқару;</li> </ul> <p><u>немесе</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- басқа тұлғалардың атынан Қаржы активтерін немесе ақша қаражатын өзге инвестициялау, әкімшілендіру немесе басқару. Осындай қызметтің және операцияның түрлеріне клиентке міндетті емес инвестициялық кеңес беру қолданылмайды.</li> </ul> <p>2) Инвестициялық компаниялардың екінші типіне «Басқа қаржы мекемесінің басқаруындағы инвестициялық компаниялар», яғни, негізінен Қаржы активтеріне қаражатты инвестициялаудан немесе қайта инвестициялаудан немесе Қаржы активтерімен сауда операцияларын жүргізуден жалпы кіріс алатын компаниялар, бұл ретте мұндай Компаниялар Депозиттік мекеме, Депозитарлық мекеме, Көрсетілген сақтандыру компаниясы немесе бірінші типті Инвестициялық компания болып табылатын басқа Компанияның басқаруында болып табылады.</p>
<p><b>«Басқа Қаржылық мекеменің басқаруындағы инвестициялық компания»</b></p> <p>Егер Басқарушы Компания тікелей немесе басқа Орындаушы арқылы басқарылатын компанияның атынан кез келген қызметті жүзеге асырса немесе немесе жоғарыдағы «Инвестициялық компания» термині анықтамасының <b>1</b> тармақшасында сипатталған операцияларды жүргізсе, Компания басқа компанияның «басқаруында» болады.</p> <p>Бір Компания басқа Компанияны басқаруды осындай басқа Компанияның активтерін толық немесе ішінара басқаруға дискрециялық өкілеттіктері (қандай да бір адамға өз қалауы бойынша әрекет етуге берілетін өкілеттіктер) болған кезде ғана жүзеге асырады. Егер Компания бір мезгілде әртүрлі Қаржылық мекемелердің, NFE немесе жеке тұлғалардың басқаруында болса, Компания Депозиттік мекеменің, Депозитарлық мекеменің, Көрсетілген сақтандыру компаниясының немесе бірінші типті Инвестициялық компанияның (егер осындай Компаниялардың кез келгені басқарушы Компаниялардың арасында бар болса) басқаруында деп есептелінеді.</p>
<p><b>«Басқа Қаржылық мекеменің басқаруында болып табылатын, Қатыспайтын юрисдикцияда орналасқан Инвестициялық компания»</b></p> <p>көбінесе қаражатты Қаржы активтеріне инвестициялаудан немесе қайта инвестициялаудан немесе Қаржы активтерімен сауда операцияларын жүргізуден жалпы кіріс алатын кез келген Компанияны білдіреді, бұл ретте мұндай Компания:</p> <p>1) Қаржылық мекеменің басқаруында болып табылады; сондай-ақ</p> <p>2) Қатысушы юрисдикцияның Қаржылық мекемесі болып табылмайды.</p>

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>6-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ</b>	

<p><b>«Клиенттік ақпарат»</b></p> <p>Дербес деректерді, құпия ақпаратты және (немесе) салық ақпаратын және (немесе) төлемдер, шоттар және операциялар туралы ақпаратты қоса алғанда, басқа да ақпаратты білдіреді.</p>
<p><b>«Компания»</b></p> <p>корпорацияларды, ұйымдарды, серіктестіктерді, сенім қорларын немесе басқа да қорларды қоса алғанда, заңды тұлғаны немесе мекемені білдіреді. Бұл термин жеке тұлға болып табылмайтын кез келген тұлғаларға қатысты.</p>
<p><b>«Бақылаушы тұлға (тұлғалар)»</b></p> <p>қандай да бір компанияға қатысты бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлғаны (тұлғаларды) білдіреді. Егер компания Пассивті қаржылық емес компания («Пассивті NFE») ретінде жіктелсе, онда Қаржы мекемесі мұндай Бақылаушы тұлғалардың Есеп беретін тұлға болып табылатындығын анықтауға міндетті.</p> <p>Сенімгерлік қорға қатысты Бақылаушы тұлға (тұлғалар) болып құрылтайшы (құрылтайшылар), сенімгерлік басқарушы (басқарушылар), қамқоршы (қамқоршылар) – protector (егер бар болса), бенефициары (лары) немесе бенефициарлардың класы (тары) немесе сенімгерлік қорға қатысты түпкілікті нақты бақылауды жүзеге асыратын кез келген басқа жеке тұлға (тұлғалар) (оның ішінде бақылаушы тұлғалар немесе меншік иелері тізбегі арқылы) табылады.</p> <p>CRS талаптарына сәйкес құрылтайшы (құрылтайшылар), сенімгерлік басқарушы (басқарушылар), қамқоршы (қамқоршылар) – protector (егер бар болса), бенефициар (лар) немесе бенефициарлардың класы (тары) немесе сенімгерлік қорға қатысты, сенімгерлік қордың қызметін нақты бақылауға қарамастан, әрқашан Бақылаушы тұлғалар болып есептеледі.</p> <p>Егер сенімгерлік қордың құрылтайшысы (құрылтайшылары) Компания болып табылса, онда CRS талаптарына сәйкес, Қаржы мекемелері құрылтайшының (құрылтайшылардың) Бақылаушы тұлғаларын белгілеуге және қажет болған жағдайда олар туралы сенімгерлік қордың Бақылаушы тұлғалары ретінде хабарлауға міндетті.</p> <p>Қор болып табылмайтын ұйымға қатысты баламалы немесе ұқсас функцияларды орындайтын тұлға (тұлғалар) Бақылаушы тұлға (тұлғалар) болып табылады.</p>
<p><b>«Бақылау»</b></p> <p>Компанияға қатысты бақылауды, әдетте, Компанияның түпкілікті бақылаушы иелері болып табылатын (әдетте, Компания капиталындағы белгілі бір үлесті мысалы, 25% иеленуіне байланысты) жеке тұлға (тұлғалар) жүзеге асырады. Меншік иелерін бақылайтын- жеке тұлға (тұлғалар) болмаған жағдайда, Компанияға қатысты компанияны өзге негіздерде бақылайтын жеке тұлға (тұлғалар) Бақылаушы тұлға (тұлғалар) болып есептеледі. CRS талаптарына сәйкес Компанияның меншік иелерін бақылайтын жеке тұлға (тұлғалар) анықталмаған жағдайда, Компанияда жоғары басшылық лауазымды атқаратын жеке тұлға Есеп беретін тұлға болып саналады.</p>
<p><b>«Салықтық резидент»</b></p> <p>Әдетте, егер Компания осындай юрисдикцияның заңнамасына (салық конвенцияларын қоса алғанда) сәйкес осы юрисдикцияда салық төлесе немесе төлеуге тиіс болса (бұл ретте осы юрисдикцияның көздерінен алынған табысқа ғана емес), осы Компания осы юрисдикцияда тіркелгеніне немесе құрылғанына немесе осы юрисдикцияда оның басқару органдары болуына байланысты немесе өзге де осыған ұқсас негізде, сол немесе басқа юрисдикцияның салық резиденті болып саналады.</p> <p>Қосарланған резиденттік Компаниялар тиісті салық конвенцияларының (егер қолданылса) коллизиялық ережелеріне сәйкес салықтық резиденттік елін анықтауы керек.</p> <p>Қандай да бір юрисдикцияның салық резиденттері болып табылмайтын, ұқсас ұйымдық-құқықтық нысаны бар серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және басқа да Компаниялар</p>

	<b>ИН</b>	<b>7-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ</b>	

өздерінің басқару органдары орналасқан юрисдикцияның резиденттері болып есептеледі. Сенім қоры осы сенім қорының бір немесе одан да көп қамқоршылары салық резиденті болып табылатын юрисдикцияның салық резиденті болып есептеледі. Салықтық резиденттік туралы барынша толық ақпарат алу үшін салық кеңесшісімен байланысыңыз немесе сілтеме бойынша ақпаратпен танысыңыз:

<http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm>

**«Есеп беруші юрисдикцияның салық резиденті»**

осындай юрисдикцияның (юрисдикциялардың) заңнамасына сәйкес – Компанияның тіркелген елінің немесе мекемесінің немесе Компанияның басқару органдары орналасқан елдің жергілікті заңнамасына сәйкес есеп беретін юрисдикцияның (юрисдикциялардың) салық резиденті болып табылатын Компанияны білдіреді. Қандай да бір юрисдикцияның салық резиденттері болып табылмайтын, ұқсас ұйымдық-құқықтық нысаны бар серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және басқа да Компаниялар өздерінің басқару органдары орналасқан юрисдикцияның резиденттері болып есептеледі.

Осылайша, егер Компания салықтық резиденттіктің жоқтығын мәлімдесе, нысанды толтыру кезінде ол бас кеңсенің мекенжайын көрсетуі керек.

Қосарланған резиденттік Компаниялар тиісті салық конвенцияларының (егер қолданылса) коллизиялық ережелеріне сәйкес салықтық резиденттік елін анықтауы керек.

**«Есеп бермейтін Қаржылық мекеме»**

төмендегі кез келген қаржылық мекемені білдіреді:

- Үкіметтік ұйым, Халықаралық ұйым немесе Орталық банк болып табылады (көрсетілген сақтандыру компаниясына, Депозитарлық мекемеге немесе Депозиттік мекемеге тән коммерциялық қаржылық қызмет шеңберіндегі қандай да бір міндеттемеге байланысты төлемдер жүргізу жағдайларынан басқа);
  - ашық қолжетімділікпен Зейнетақы қоры, жабық қолжетімділікпен Зейнетақы қоры, Үкіметтік ұйымның, Халықаралық ұйымның немесе Орталық банктің Зейнетақы қоры болып табылады немесе кредиттік карталардың Білікті эмитенті болып табылады;
  - Босатылған ұжымдық инвестициялық қор болып табылады;
- немесе
- қамқоршының есебін беретін Сенім қоры, яғни қамқоршысы Есеп беретін қаржы мекемесі болып табылатын және сенім қорының Есеп беру шоттарына қатысты барлық талап етілетін ақпаратты ашатын сенім қоры болып табылады;
  - елдердің ішкі заңнамасына сәйкес Есеп бермейтін қаржы мекемесі болып саналатын басқа мекеме болып табылады.

**«Қаржылық емес компания (NFE – non financial entity)»**

Қаржы мекемесі болып табылмайтын кез келген Компанияны білдіреді.


**«Есеп беретін юрисдикция»**

қаржы шоттары туралы ақпаратпен алмасу туралы келісімі бар юрисдикцияны білдіреді.

**«Есеп беретін тұлға»**


Есеп беретін юрисдикцияның Салық резидентін білдіреді, мыналардан басқа:

- акциялары бағалы қағаздардың бір немесе одан да көп ұйымдастырылған нарықтарында тұрақты саудаланатын корпорациялар;
- (1) тармақшада сипатталған корпорациямен Байланысты компания болып табылатын кез келген корпорация;
- Үкіметтік ұйым;
- Халықаралық ұйым;
- Орталық банк;

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ИН</b>	<b>8-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ</b>	

<p>сондай-ақ</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қаржы мекемелері (А(6) b) CRS тармақшасында сипатталған және Қатысушы юрисдикцияның Қаржы мекемелері болып табылмайтын Инвестициялық компанияларды қоспағанда; мұндай Инвестициялық компаниялар Пассивті NFE болып саналады).</li> </ul>
<p><b>«Есептік шот»</b></p> <p>бір немесе одан да көп Есеп беруші тұлғаға немесе кемінде бір Бақылаушы тұлға Есеп беруші тұлға болып табылатын Пассивті NFE-ге тиесілі шотты білдіреді.</p>
<p><b>«Пассивті NFE»</b> CRS мақсаты үшін мыналардың кез келгенін білдіреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) активті NFE болып табылмайтын қаржылық емес компания, сондай-ақ</li> <li>2) Басқа Қаржы мекемесінің басқаруында болып табылатын, Қатыспайтын юрисдикцияда орналасқан Инвестициялық компания.</li> </ol>
<p><b>«Дербес деректер»</b></p> <p>жеке тұлғаға (сондай-ақ дербес деректерді қорғау туралы заң заңды тұлғаларға қолданылатын елдердегі заңды тұлғаларға) қатысты, соның ішінде, бірақ еш қиындықсыз, атын (аттарын), тұратын мекенжайын (мекенжайларын), байланыс деректерін, жасын, туған күнін, туған жерін, азаматтығын, жеке және отбасылық жағдайын қоса алғанда, жеке тұлғаның жеке басы тікелей немесе жанама анықталуы мүмкін кез келген ақпаратты білдіреді.</p>
<p><b>«Байланысты компания»</b></p> <p>Егер екі компанияның кез-келгені басқа Компанияны басқарса немесе екі компания да жалпы бақылауда болса, Компания басқа компанияның «Байланысты компаниясы» болып табылады. Осы мақсат үшін «бақылау», соның ішінде Компанияның дауыс беру құқығы мен құнының 50% - дан астамын тікелей немесе жанама иеленуді білдіреді.</p>
<p><b>«Байланысты тұлға»</b></p> <p>Банкпен айрықша қатынастармен байланысты жеке немесе заңды тұлғаны - «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 40-бабына сәйкес Банкпен ерекше қатынастармен байланысты болып табылатын тұлғаларды білдіреді. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өкілеттіктеріне активтерді иеліктен шығару, кепіл нысанасын өзгерту және кепілді тоқтату (борышкердің банк алдында кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерін өтеу немесе банктің кепілді өндіріп алу жағдайларын қоспағанда) туралы шешімдер, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленгеннен жоғары мөлшерлерде банктік қарыздарды және банктік кепілдіктерді беру туралы шешімдер қабылдау кіретін осы банктің лауазымды адамы немесе басшы қызметкері, Директорлар кеңесі комитеттерінің және тиісті органының басшылары мен тұрақты мүшелері, сондай-ақ олардың жұбайлары (зайыптары) мен жақын туыстары;</li> <li>2) осы банктің ірі қатысушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға не банктің ірі қатысушысының лауазымды адамы, сондай-ақ олардың жұбайлары мен жақын туыстары;</li> <li>3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар орналастырылған акциялардың (артықшылықты және сатып алынған акцияларды шегергенде) немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін не лауазымды адамдар болып табылатын заңды тұлға;</li> <li>4) Банктің үлестес тұлғалары;</li> <li>5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты белгілерге сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлға.</li> </ol>
<p><b>«Келісім»</b></p> <p>салық мәселелері бойынша өзара көмек туралы Конвенцияның 6-бабын іске асыру үшін қабылданған 2014 жылғы 29 қазандағы құзырлы органдардың қаржы шоттары туралы автоматты түрде ақпаратпен алмасу туралы көпжақты келісім.</p>



	<b>ИН</b>	<b>9-бет 9</b>
	<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ РЕЗИДЕНТТІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ ҮШІН ӨЗІН-ӨЗІ СЕРТИФИКАТТАУ НЫСАНЫН (CRS ENTITY) ТОЛТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ</b>	

<b>«Қатысушы юрисдикция»</b>
CRS мақсатында ақпарат беру туралы келісім жасалған юрисдикцияны білдіреді.
<b>«Қаржы мекемесі»</b>
екінші деңгейдегі банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар кастодиандарды, орталық депозитарийді, брокерлерді және (немесе) дилерлерді, инвестициялық портфельді басқарушыларды, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарын білдіреді;
<b>«Қатысушы юрисдикцияның Қаржы мекемесі»</b>
дегеніміз: 1) осы Қаржы мекемесінің осы юрисдикциядан тыс орналасқан кез келген бөлімшелерін қоспағанда, Қатысушы юрисдикцияның салық резиденті болып табылатын кез келген Қаржы мекемесі; сондай-ақ 2) Қатысушы юрисдикцияның салық резиденті болып табылмайтын, осындай Қатысушы юрисдикцияда орналасқан Қаржы мекемесінің кез келген бөлімшесі.
<b>«FATCA»</b>
шетелдік шоттарға салық салу туралы ережені білдіреді, ол АҚШ заңнамасына кіргізілген.
<b>«TIN»</b>
«TIN» термині салық төлеушінің Сәйкестендіру нөмірін немесе ол болмаған жағдайда оның функционалды аналогын білдіреді. TIN әріптік және сандық таңбалардың бірегей комбинациясы болып табылады, жеке тұлғаға немесе Компанияға беріледі және осындай юрисдикцияның салық заңнамасын орындау мақсатында жеке тұлғаны немесе Компанияны сәйкестендіру үшін қолданылады. Қолайлы TIN туралы толығырақ ақпаратты мына сілтеме бойынша алуға болады. <a href="http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm">http://www.oecd.org/tax/transparency/automaticexchangeofinformation.htm</a> . Кейбір юрисдикцияларда TIN берілмейді. Алайда, мұндай юрисдикцияларда сәйкестендіру үшін балама мүмкіндік беретін сенімділігі жоғары қандай да бір басқа нөмір жиі қолданылады («функционалды аналог»), мысалы, Компанияның тіркеу коды/нөмірі.